



«Шұғыла» бөбекжай-
бағдарламасының менгерушісі:
П. Хожамуратова

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Шұғыла» ортаңғы тобының
перспективалық жоспары
2020-2021оқу жылы**

**Тәрбиешілер: Манашева А.
Бегалиева А.**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2020 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: Балабақша, достары, ойыншықтар және жиһаздар туралы дыбыстарды анық айтады. Біртекті заттардан топтар құрастырады және салыстырады. Балабақшадағы заттарды ажыратады және олардың санын анықтайды. Өртүрлі түстегі бөлшектерден қарапайым құрылыстарды құрастырады. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы біледі. Түрлі бағытта тура сызықтар жүргізеді. Дөңгелек пішінді заттарды салады. Заттарға, ойыншықтарға ұқыпты қарайды.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1- апта «Менің балабақшам»	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) -3 (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақша» Мақсаты: Балабақша туралы түсінік беру. Бөлмелерін топтағы заттарды ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: Біздің балабақшада Мақсаты: Біртекті заттардан топтар құрастыруды, біреуін бөліп алуды көрсету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша-біздің екінші үйіміз» Мақсаты: Балаларды балабақша тобымен таныстыру, бөлме өсімдіктерінің түрлері, олардың айырмашылықтары туралы білімді қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Бақшаға барар жолдар» Мақсаты: Түрлі түстегі және пішіндегі	Сурет салу Тақырыбы: «Сиқырлы таяқшалар» Мақсаты: Негізгі түстерді дұрыс атауға, түрлі бағытта, тура сызықтарды қағаз бетіне түсіре білуді үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

			бөлшектерден үлгіге қарап, жол құрастыруды үйрету.		
2- апта «Менің достарым»	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) -3 (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Досым екеуміз» өлеңі Қадір Мырза Әлі Мақсаты: Достық туралы түсіндіріп, қысқа өлеңдерді қайталап айтуға жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үш дос» ертегісі Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға, адамгершілікке достыққа тәрбиелеу	Математика негіздері Тақырыбы: «Досымның ойыншықтары» Мақсаты: Заттарға назар аудару, шама бойынша әр түрлі болатынын түсіндіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ойнайықшы кел бөбек» Мақсаты:Ауа-райының жағдайын анықтау, өзіне тән белгілерін ажыратып айту.	Сурет салу Тақырыбы: «Жәмиләнің әдемі ыдысы» Мақсаты: Дөңгелек пішінді ыдыстың суретін салуды үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Досымның доптары» Мақсаты: Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерту, доптарды жапсыруды үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Менің достарым» Мақсаты: Досының жасаған жұмысына құрметпен қарауға, көмек көрсете білуге тәрбиелеу.
«Менің сүйікті ойыншықтарым» 3 апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) -3 (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ойыншықтардың атын атайды. Жалпы белгілері бойынша заттарды ажыратуға үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: Бөлмедегі ойыншықтарды ажыратуды және салыстыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өлі табиғат» Мақсаты: Тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Құрастыру Тақырыбы: «Достарымызға жол салайық» Мақсаты: Бөлшектерді орналастыруды және	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі - түсті доптар» Мақсаты: Дөңгелек пішінді доптарды салуға боятуға үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

			кірпіштерді қалауды үйрету.		
4 – апта «Жиһаз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй жиһаздары» Мақсаты: Балабақшаға қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін дұрыс айта білуге тілдерін жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің кереуетім» Мақсаты: Бөлме ішіндегі жиһаз кереует туралы түсінік беру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бөлме жиһаздары» Мақсаты: Жиһаздардың санын анықтауды және оны ретімен орналастыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: Туған өлкенің кейбір өсімдіктерін таныстыру. Ағаштардан жиһаздар жасалатын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: : «Менің үстелім» Мақсаты: Бірнеше көлденең және тік сызықтардан үстелдің суретін салуға үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Үстел мен орындық» Мақсаты: Ермексазды есу, ұзыншалау тәсілдері арқылы орындықты мүсіндей білуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ағаштан жасалған жиһаздар» Мақсаты: Топ жиһаздарының түстерін, пішіндерін ажырата білуге, жиһаздарға ұқыптылықпен қарауды түсіндіру.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2020 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: Отбасы мүшелерін өзіне жақын адамдардың есімін атайды. Көшедегі қауіпсіздік ережесін түсінеді. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолданады. Таныс ертегілерді сахналауға қатысады. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатынын туралы біледі. Геометриялық пішіндер дөңгелек, шаршы, үшбұрышты атайды. Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдайды. Алақандардың арасында, жазықтықта түзету домалақтау арқылы кесектерді жаяды. Қоршаған ортаға байланысты сұрақтарға жауап береді.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу- 0,5
1-апта «Менің отбасым ата-аналар еңбегі	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу) Мақсаты: Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Анамыздың себетін толтырайық» Мақсаты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарлары төлдерін өздеріне тән белгілерін ажыратып айтуға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Үй» Мақсаты: Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен үй құрастыра білу, қызығушылығын дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Әжеме арналған орамал» Мақсаты: Ою - өрнектерді жазықтыққа орналастырып салуды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

2- апта «Менің көшем»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдауға және өлеңді түсініп айта білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтқызу, сөздік қорын молайту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Көшедегі ағаштар» Мақсаты: Ағаштардың күзгі маусымдық өзгерістерін бақылау.	Сурет салу Тақырыбы: «Қала жолдары» Мақсаты: Түзу, көлденең тәрізді сызықтарды жүргізіп салдыруға үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып , ұқыпты түрде пішіндерді жапсыра білуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын айтқызу. Бақшаға қандай көшемен келетінін түсіндіру.
3 - апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Айсұлу адасып кетті» (тілдің дыбысталу мәдениеті) Мақсаты: Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолдана білуін дағдыландыру. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Жол белгілері» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді айтып, дөңгелек, үшбұрыш пішіндерін ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы қауіпсіздік» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелері туралы түсіндіру. Құрастыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Өр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіре отырып бағдаршам құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Сызықтарды, бояуларды ретімен қолдануды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

4 – апта «Алтын күз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және еңбегін бағалауды түсіндіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлеңі К.Ахметова Мақсаты: Өлеңді мағанасына қарай дыбыстарды анық айта білуге үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Күзгі ағаштар» Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттардың ұзындығы мен ені бойынша салыстыра білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қоңыр күз» Мақсаты: Ауа райының жағдайын анықтауды, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылауды түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Алма» Мақсаты: Дөңгелек пішінді алманың суретін сала білуге үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Мақсаты: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу тәсілін пайдалана отырып алманы мүсіндеуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Күзгі жапырақтарды жинау» Мақсаты: Ересектердің еңбегіне назар аудару, жапырақтарды жинап, түсін атай білуге үйрету.
---	---	--	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2020 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып «Дені саудың – жаны сау»

Мақсаты: Өздері жайлы, дұрыс тамақтаны, дәрумендер туралы біледі. Кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді. Өзінің дене бөліктерінің орналасуын бағдарлайды, басы, аяғы, қолдарын атайды. Дәстүрден тыс (саусақ және алақан) сурет салады. Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілін қолданады. Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді. Заттар мен оның шамасын, түсін, пішінің ажыратады. Ересектердің еңбегі бағалайды. Өзіңе және өзгелерге көмектеседі.

Тақырып ша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу- 0,5
1-апта «Өзім туралы»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің тұлғам» Мақсаты: Ойын жаттығулары арқылы өзінің дене мүшелеріне назар аударуға тәрбиелеу. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Менің бір күнім» Мақсаты: Тәулік бөліктерін «таңертең» мен «кешті» танып , атай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен достарымның алдында өзімді қалай ұстаймын?» Мақсаты: Көпшілік ортада өзін ұстай білу ережелерін түсіндіру. Құрастыру Тақырыбы: «Өзімнің үйім» Мақсаты: бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау тәсілдерін үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Тазалық құралы щетка . Мақсаты: Ұзын, қысқа сызықтарды қосу арқылы щетканың суретін салуға үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
2- апта «Дұрыс тамақ тану. Дәру мендер»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Апорт алма» өлеңі Н.Әлімқұловтың Мақсаты: Шағын тақпақтар мен өлеңдерді айту арқылы	Математика негіздері Тақырыбы: «Алма баққа саяхат». Мақсаты: Кеңістікте бағдарлау. Жемістерді сол	Сурет салу Тақырыбы: «Көкөністер» Мақсаты: Дөңгелек және сопақша (қияр, қызанақ)	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Аспазшы» Мақсаты:

		тілдерін жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер айтысы» ертегісі Мақсаты: Кейіпкерлерге өзінің көзқарасын білдіруге баулу.	жақтан оң жаққа орналастырып қоя білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Себеттегі көкөністер мен жемістер» Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратып атайды.	көгеністерді сала білуге үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Жемістер алма, алмұрт» Мақсаты: Дайын пішіндерге желім жағу арқылы жемістерді жапсыруға үйрету.	Балабақша қызметкерлері туралы түсінік беру, сюжетті-рөлдік ойындарда аспазшы рөлін сомдап ойнай білуге үйрету.
3– апта «Өзіңе және өзгелерге көмектес»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анама көмек» Мақсаты: Әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Салыстыру» Мақсаты: Ұзындығымен ені бойынша заттарды салыстыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне қызығушылық танытып, көмектесуді үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Досыма көмектесем» Мақсаты: Ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қоянға көмектес. Сәбіз» Мақсаты: Сопакша пішінді сәбіздің суретін салуға үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

4 – апта «Біз күштіміз, ептіміз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кім күшті?» ертегісі Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттау үшін, дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдана білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: Л.Н.Толстойдың «Үш аю» ертегісі Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсінуге және сөздерді есте сақтауға үйрету	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Затты топтан бөлуді және топқа біріктіруді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қоян, аю бізде қонақта» Мақсаты: Жабайы жануарларды ажыратып, олардың сыртқы ерекшеліктерін атауды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Құмырсқаның ізі» Мақсаты: Мақталы таяқша арқылы құмырсқаның ізін салуды үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Құмырсқа» Мақсаты: Үлгіге қарап, есу, ширату арқылы мүсіндеуге баулу.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Қай аң күшті?» Мақсаты: Жабайы аңдарды атап , ажырата білуге үйрету.
--	---	---	---	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2020 жыл Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы, тұратын қаласы мен ауылы жайлы біледі. Сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолданады. Тақпақтарды, өлеңдерді асықпай айтады. Геометриялық пішін түрлерін, тәулік бөліктерін атайды. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке ұқыпты қарайды. Негізгі түстерді қолданып сурет салады. Ермексаздан домалату, созу тәсілдерін қолданып 1-3 бөліктен тұратын заттарды жая алады.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу- 0,5
1-апта «Тәуелсіз Қазақстан (ҚР тұңғыш президенті, мемлекеттік рәміздер)»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мемлекеттік ту» өлеңі Е.Елубаевтің Мақсаты: Ту туралы тақпақты қысқаша үзіндісін айтып, сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді таныстыру және дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, пішіндерін ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатты аялайық» Мақсаты: Туған қалаларының табиғатының әсемдігін, ерекшеліктерін түсіндіру. Құрастыру Тақырыбы: «Хан шатыры» (құрылыс материалдарынан құрастыру) Мақсаты: Үлгі бойынша ірі және ұсақ құрлыс материалдарынан Хан шатырын құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Мемлекеттік ту» Мақсаты: Негізгі түстерді дұрыс атауды, бояудың бастапқы дағдыларын түсіндіру. Музыка-1,5 (МЖБ)	

«Жайнай бер Қазақстан»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің қала» (суретке қарап әңгімелеу) Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдау және түсініп сөздік қорын байыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» өлеңі Ө.Тұрманжановтың Мақсаты: Таппақтарды мәнерлеп қайталап, дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Уақытты бағдарлау» Мақсаты: Тәулік бөліктерін «таңертең», «күндіз», «кеш», «түнді» танып және атай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Туған өлке». Мақсаты: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсінік беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Біздің қала» Мақсаты: Элементтердің пішінін, реттілігін жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Бәйтерек» Мақсаты: ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырып желімдеуді үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақстан-менің Отаным!» Мақсаты: Отан туралы түсініктерін қалыптастыру.
3– апта «Тарихқа саяхат»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің қалам» Мақсаты: Сурет бойынша балалардың сөйлеу тілін дамыту, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдана білуге үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы:«Уақытты бағдарлау» Мақсаты: Тәулік бөліктерін «таңертең», «күндіз», «кеш», «түнді» танып және атай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты:Қазақстанның жер аумағы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Қаладағы көпірлер» (құрылыс материалдарынан құрастыру) Мақсаты: Әр түрлі түстегі пішіндегі бөлшектерден көпірлерді құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Әсем қаланың өрнектері» Мақсаты: Қоршаған әлемнің өнер туындыларының әсемділігіне талғам дағдыларын қалыптастыру. Музыка-1,5 (МЖБ)	

4 – апта Қош келдің, Жаңа жыл	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шырша» өлеңі. Мақсаты: Шағын тақпақтарды жаттату, есте сақтау қабілетін дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жасыл шырша» өлеңі Е.Ерботиннің Мақсаты: Өлеңдегі дыбыстарды анық айту, тілдерін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жаңа жылдық ойыншықтар» Мақсаты: Шеңбер үшбұрышты түсіну және көру арқылы ойыншықтар түрлерін зерттеуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Шырша туралы түсінік беру, олардың айырмашылықтары туралы білімді қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Шыршаға арналған шынжыр» (заттық сурет салу) Мақсаты: Саусақпен бастырып сурет салуды, негізгі түстерді ажырата білуді үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойыншығы» Мақсаты: Балаларды домалақтау , есу тәсілдері арқылы 1-3 бөліктен тұратын ойыншықтарды мүсіндеуді үйрету .	Қоршаған ортамен танысту Отбасылық жаңа жылдық суреттер» Мақсаты: Отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелей білу дағдыларын қалыптастыру.
---	---	---	--	---	---

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021 жыл қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Тілдегі дыбыстарды дұрыс айтады және зейін қойып тыңдайды. Сурет бойынша шағын шығармаларды таниды және сұрақтарға жауап береді. Көп, біреу, бір-бірден салыстырып айтады. Жуандығы бойынша салыстырады. Геометриялық пішін үшбырышты атайды. Дайын пішіннен қағаздан құрастырады. Тірі және өлі табиғат құбылыстар туралы біледі. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасайды. Жануарлардың дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) және төлдерін атайды және ажыратады. Аулаға ұшып келетін құстардың (торғай, көгершін, қарғалар) өзіне тән ерекшеліктерін атайды. Қыс мезгілінің ерекшеліген және қардың, судың қасиеттерін біледі.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта «Ғажайып қыс»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шырша» өлеңі Е. Өтетілеуұлы Мақсаты: Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Сан» Мақсаты: «Көп», «біреу» ұғымдарын ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс келді» Мақсаты: Қардың қасиетін түсіндіру, ойлау қабілетін дамыту Құрастыру Тақырыбы: «Құстар ұясы» (қағаздан құрастыру) Мақсаты: Қағаз қиындыларынан құстарға ұя құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауады». Мақсаты: Салынған пішіндерді бояуда штрихтау әдісін қолдана білуді үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
2-апта «Жануарлар әлемі»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы: «Ерке төлдер» Мақсаты: Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білу және зейін қойып тыңдауын жетілдіре білуге үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Зат» Мақсаты: Бір-бірден, бірде біреуі жоқ ұғымдарын ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын құлақ, сұр қоян» Мақсаты: Жануар қоянның суретін салу дағдыларын жетілдіру.	Қоршаған орта танысу Тақырыбы: «Үй жануарларының пайдасы» Мақсаты: Үй

		Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қысқы баспана» ертегісі Мақсаты: Балаларға қыс туралы түсінік бере отырып, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білуге үйрету.	Тақырыбы:«Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы аңдар туралы ұғымдарды қалыптастыру.	Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы:«Ұзын құлақ ақ қоян» Мақсаты: Қырқылған заттарды, олардың арасында арақашықтықты сақтау дағдыларын қалыптастыру.	жануарлары туралы және өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы үйрету.
3-апта «Құстар-біздің досымыз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шұбар тауық» ертегі Мақсаты: Сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Шама» Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттардың ұзындығын салыстыра білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тоты құс» Мақсаты: Табиғат бұрышының тіршілік иелерін бақылау дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Әтеш» Мақсаты:Қағаз қиындыларының негізгі бөліктері арқылы әтешті құрастыруды үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Торғай» Мақсаты: Пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды үйлестіріп сала білуге үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
Айналамыз-дағы өсімдіктер 4-апта	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы серуен» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Сөздік қорын	Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер» Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін	Сурет салу Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» Мақсаты: Дәстүрден тыс техникасына	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Қысқы табиғат» Мақсаты: Табиғат

		сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыта білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қолғап» ертегісі Мақсаты: Шығарма жанрындағы ертегі кейіпкерлерін сипаттап ажырата білуге үйрету.	нақтылау және пішіндерді айта білуге үйрету. (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) Жаратылыстану: Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктерін күту» Мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің түрлері (бегоня, қоңыраутүл) олардың айырмашылықтары туралы білімдерін қалыптастыру.	қызығушылық танытады, мақталы таяқшамен бастырып қарды салады. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Аққаланы мүсіндеуде үш бөліктен тұратын күрделі емес аққала мүсіндеуді үйрету.	құбылыстарына қызығушылық таныту дағдыларын жетілдіре білуге үйрету.
--	--	---	--	--	---

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021 жыл Ақпан айы

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Сөздерде дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Шағын тақпақтарды жаттайды. Табиғаттағы және ауа – райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және анықтайды. Көлік құралдарын таниды және жерде жүретін көліктердің түрлерін біледі. Балабақша қызметкерлері туралы мамандықтарын біледі және атап көрсетеді. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) зерттеп атайды және салынған пішіндерді бояйды. Құрылыс материалдарынан олардың бөлшектерінен түсі, көлемі бойынша құрастырады. 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндейді. Пішінін, түсін, бөлшегін ескере отырып қағазға орналастырады.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу- 0,5
1-апта Ғажайып тар әлемі (табиғат құбылыстары)	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің шанам» (әңгіме құрастыру) Мақсаты: Балалардың тілін заттың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік» Мақсаты: Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қардың қасиеті» Мақсаты: Қардың, судың қасиеттерін көрсету түсіндіру. Құрастыру: Тақырыбы: «Шана» Мақсаты: Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертіп, шананы құрастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Шана» Мақсаты: Бейнелеу әрекетіне қызығушылықты тәрбиелей отырып шана суретін сала білуге үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
2-апта «Көліктер»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көлік» өлеңі М. Әлімбаев Мақсаты: Өлеңдегі кейбір дауысты және	Математика негіздері Тақырыбы: «Биік- жуан» Мақсаты: Екі қарама-қарсы заттардың биіктігі мен жуандығы бойынша	Сурет салу: Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі	Қоршаған ортамен танысу: Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Көлік

		дауыссыз т-д, к-г дыбыстарды анық айта білуді үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» өлеңі Мақсаты: Шығарма жанрларындағы қысқа өлеңді жатқа айта білуге үйрету.	салыстыра білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануары түйе» Мақсаты: Үй жануары түйені және оның өзіне тән ерекшеліктерін атап ажырата білуге үйрету.	бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей білуге үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Жүк көлігі» Мақсаты: Пішіні, түсі мен ескере отырып жүк көлігін жапсыруды қалыптастыру.	құралдарымен таныстыру, ауада ұшатын қозғалыс құралдарын атай білу.
3-апта «Электроника әлемі»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Сиқырлы шам» (суретпен жұмыс) Мақсаты: Сөздерде дауысты және дауыссыз ф-в, с-з-ц дыбыстарды анық айтуды үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Кеңестікті және уақытты бағдарлай білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Электроника әлеміне саяхат» Мақсаты: Электроника туралы түсінікті, қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Қағаз беттерін көлемді пішінде өзгертуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Тіктөртбұрышты пішіндерді орналастыра отырып сызып салуды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
4-апта «Мамандықтың бәрі жақсы»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің анам дәрігер» өлеңі Мақсаты: Шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттату, тілін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік» Мақсаты: Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйрету. Жаратылыстану	Сурет салу Тақырыбы: «Сәнді көйлек» Мақсаты: Бірнеше көлденең сызықтарды біріктіріп көйлек сала білуді үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Табиғат» Мақсаты: Өлі және тірі табиғат құбылыстары мен

		Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін ажыратып айта алуды үйрету.	Тақырыбы: «Сумен таныстыру» Мақсаты: Судың қасиетімен түсімен таныстыру	Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Аспазшының ожауы» Мақсаты: Ермексазды алақанға салып тік және дөңгелетіп есе отырып ожауды мүсіндеуді үйрету.	заттарын ажырата білуге үйрету.
--	--	--	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021 жыл наурыз айы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолданады. Халық өлеңдерін ырғағы мен ұйқасын мәнерлі, мағыналы эмоциональды түрде жаттайды. Қазақ халқының дәстүрлерін біледі. Көктем мезгілінің өсімдіктері, ағаштарды, дала гүлдерін таниды және атайды. Кеңістік пен уақытты бағдарлайды. Түсі, көлемі бойынша ажыратып құрастырады. Қазақтың ою өрнектерінің суретін дәстүрден тыс салады. Ересектердің көмегімен өз ойынан мүсіндейді. Пішіні, түсі мен көлемін ескере отырып, оюды орналастырып жапсырады. Заттардың сапалары мен қасиетін сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы таниды.

Тақырыпша	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру -3	«Қатынас» - 2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық» - 3 Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру--0,25	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу- 0,5
1-апта «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киіз үй» Мақсаты: Балалардың тілін заттардың сапасымен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Ұлттық ыдыстыр» Мақсаты: Салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізе білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бәйшешек» Мақсаты: Гүлдейтін шөпті өсімдіктердің өзіне тән сипаты бойынша түсіндіру. Құрастыру: Тақырыбы: «Бәйшешек» (қағаздан құрастыру) Мақсаты: Қағаз беттерін түрлі пішінде жасап, бәйшешек гүлін құрастыруды үйрету.	Сурет салу: Тақырыбы: «Кілемше» Мақсаты: Кілемше бұрыштарына қазақ ою-өрнектерінің қос элементтерін салуды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
2-апта «Ертегілер елінде. Театр әлемі»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мақта қызбен мысық» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп	Математика негіздері Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі Мақсаты: Бірдей екі түрлі және бірдей заттарды салыстыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Сайқымазақ қалпағы» Мақсаты: дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп қалпақ	Қоршаған ортамен танысу: Тақырыбы: «Ертегі кітаптар» Мақсаты: Ересектер еңбегіне назар

		сахналауды үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жеті лақ» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытып, ертегіні сахналай білу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат – ана» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсіндіру.	салуды үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Сайқымазақ қалпағы» Мақсаты: Балаларға көңіл-күй сыйлау	аударып, кітаптарды ұқыпты ұстауға дағдыландыру.
3-апта «Өнер көзі халықта»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Наурызым армысың!» өлеңі А.Оразақын Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсінік беру, өлеңдерді тыңдау айту,сөздік қорларын дамыту. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Асықтар» Мақсаты: Көп,бір-бірден, бірде-біреуі жоқ түсініктерін қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Сүйкімді төлдер» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы біледі. Құрастыру. Тақырыбы: «Құрақ көрпе» (қағаздан құрастыру) Мақсаты: Қиылған қағазды түсіне,көлеміне қарай үйлестіре орналастырады.	Сурет салу Тақырыбы: «Күн жарқырап, шөп шықты» Мақсаты: Шөптерді қылқаламның ұшымен салу тәсілі арқылы бейнелеуді үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
4-апта «Нұр төккен гүл көктем»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктем шақырады» Мақсаты: Қысқа әңгімелер құрауды, сұрақтарға жауап беруді дағдыландыру.	Математика негіздері Тақырыбы:«Бәйшешек» Мақсаты: «Қанша?», «Неше?», «Қандай?», сұрақтарына жауап беруді ажырата білуге үйрету,	Сурет салу: Тақырыбы: «Бәйшешек» Мақсаты: бәйшешек гүлін салуды үйрету Музыка-1 (МЖБ)	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Киіз үй» Мақсаты: Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйі туралы

		Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Халық өлеңдері мен ырғағымен ұйқасын түсіндіру, бесік жырын қайталап тілдерін дамыту.	Жаратылыстану: Тақырыбы:«Көрікті көктем» Мақсаты: Көктемгі табиғатты бақылай отырып, маусымдық өзгерістерді айта білуге үйрету.	Мүсіндеу Тақырыбы: «Қазақша сырға» Мақсаты: Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, бір-үш бөліктерден тұратын сырғаны мүсіндей білу	түсініктерін кеңейту.
--	--	--	---	--	------------------------------

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021 жыл сәуір айы

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты Көктемгі гүлдерді аялауды біледі және гүлдердің бөліктерін атайды. Қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды. Шығарма жанрларын ажыратады. Нанды қадірлеуді біледі. Ересектердің еңбегін бағалайды және құрмет көрсетеді. Бірдей екі түрлі және бірдей заттарды салыстырады. Түсі және көлемі бойынша ажыратады. Дәстүрден тыс сурет салуды және бояу, гуашты пайдаланады. Ересектермен бірге өсімдіктерге күтім жасайды және еңбек тапсырмаларын орындай алады. Табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытады.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру -3	Қатынас-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі -0,5	Таным- 2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Музыка – 1,5 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25,	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу-0, 5
1-апта «Аялайық гүлдерді»	Дене шынықтыру- (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктем гүлі» Мақсаты: Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлей білуге үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Гүлдерді салыстыру» Мақсаты: Гүлдерді салыстыру нәтижесінде сөзбен жеткізе білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алғашқы гүлдер» Мақсаты: Жуа және гүлдердің тұқымдарын бақылауға үйрету. Құрастыру. Тақырыбы: «Қызғалдақ гүлі» Мақсаты: Қағаздан гүл құрастыру, оригами тәсілін қолдана отырып гүл жасап үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Бақбақтар» Мақсаты: Түстерді тану мен ажыратуға үйрете отырып, гүл салдыру. Музыка-1,5 (МЖБ)	

2-апта «Ас атасы – нан»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ас атасы – нан» өлеңі Ә. Қалдыбаев Мақсаты: Шағын тақпақты жаттап тілдерін жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: Нан қайдан шығады?» ертегісі Мақсаты: Өңгіме мазмұнын түсіндіру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Диірменшіге көмектесейік» Мақсаты: Кеңістікті және уақытты бағдарлай білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Бидай» Мақсаты: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.	Сурет салу: Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша пішіндерді салуды, бауырсақты бояуды үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Дастархан» Мақсаты: Ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуді үйрету.	Қоршаған ортамен танысу: Тақырыбы: «Диқаншы» Мақсаты: Балаларға өзге адамдардың іс-әрекеттерін бақылауды үйрету.
3-апта «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Тілдік қарым қатынас мәдениетін дұрыс қолданып, сөздік қорын дамыту. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Оң және сол» Мақсаты: Оң және сол қолдарын ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер тіршілігі» Мақсаты: Жәндіктерді қорғап, өздеріне тән белгілері бойынша атап, ажыратуға үйрету. Құрастыру. Тақырыбы: «Өрмекшінің торы» Мақсаты: Сюжеті бойынша біріктіреді және ойнау арқылы құрастыра білуге дағдыландыру.	Сурет салу: Тақырыбы: «Өрмекші» Мақсаты: Бейнелеу әрекетіне өрмекшінің суретін сала білуге үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
4-апта «Еңбек»	Дене шынықтыру-3 (негізгі қимылдар)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:	Математика негіздері Тақырыбы:	Сурет салу Тақырыбы: «Күрек»	Қоршаған ортамен танысу

бәрін жеңбек»	(МЖБ)	«Кім қайда істейді?» (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдана білуді үйрету. Көркем әдебиет «Арыстан мен тышқан» (латын ертегісі) Мақсаты: Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға , айтуға үйрету.	«Кішкентай құрылысшы» Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау. (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы ағаштар» Мақсаты: Туған өлкенің кейбір өсімдігі ағаш туралы түсінік беру.	Мақсаты: Негізгі түстерді пайдалана отырып сурет салуға үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Күрек» Мақсаты: Табиғи материалдардан мүсіндеу дағдыларын бекіту.	Тақырыбы: «Ағаш отырғызамыз!» Мақсаты: Табиғат құбылыстарына қызығушылығын таныту дағдыларын жетілдіру.
---------------------------------	---------------------	---	--	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021жыл мамыр айы

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: Сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде және тілдік қарым қатнас мәдениетін дұрыс қолданады. Суреттер бойынша таныс шығармаларды таниды және сұрақтарға жауап береді. Геометриялық пішіндерді атайды және ұзындығы, ені, биіктігі жуандығы бойынша салыстырады. Қарапайым құрылыс материалдарының негізгі бөлшектерін, оларды түсі, шамасы бойынша құрастырады. Табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсінеді. Қылқалам, бояу, гуашты пайдаланып, ойлау бойынша дербес сурет салады. Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын заттарды мүсіндейді. Дайын үлгіге жағады, желімнің қалдықтарын сүртеді. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарайды.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3	Қатынас-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі -0,5	Таным- 2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану -1 Құрастыру-0,5	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Музыка – 1,5 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25,	«Әлеумет» -0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта «Достық -біздің тірегіміз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тату боламыз!» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антонимде мағынасы қарама-қарсы сөздерді айта білуге үйрету. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Достық еліне саяхат» Мақсаты: Кеңістік пен уақытты бағдарлай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көгершін» Мақсаты: Туған өлкенің кейбір құстарын атауды үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Көгершін» Мақсаты: Түсі мен көлемі бойынша ажыра отырып, қағаздан көгершіннің бейнесін құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Достық мерекесі» (шарлар) Мақсаты:. Домалақ, сопақша пішіндерді салып үйрету, қалаған түстермен бояуды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	
2-апта	Дене шынықтыру-3	Сөйлеуді дамыту	Математика негіздері	Сурет салу:	Қоршаған ортамен

«ҚР Отан қорғаушы» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)	(Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Тақырыбы: «Сарбаз» Е. Өтетілеуұлы өлеңі Мақсаты: Сөйлемде зат есімдер мен жекеше , көпше түрде қолданып айта білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Сарбаздар маршы» Мақсаты: Оқиғаны эмоционалды қабылдай білуге, сурет бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Тақырыбы: «Әскери мұнара» Мақсаты: Мұнараларды көлеміне қарай ұзындығы биіктігі бойынша салыстыра білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тау басындағы шекарашы» Мақсаты: Шекарашы мамандығы туралы түсіндіру. Шекарашылардың еңбегінің құрметтеуге үйрету.	Тақырыбы:«Жалауша» Мақсаты: Ойлау бойынша дербес сурет сала білуге үйрету. Музыка-1 (МЖБ) Жапсыру Тақырыбы: «Достарыма арналған шарлар» Мақсаты: Балаларды жалпы композиция құрастыра білуге үйрету.	танысу Тақырыбы: «Көлік байланыс құралдары » Мақсаты: Жерде жүретін және ауада ұшатын қозғалыс құралдары туралы білімдерін бекіту.
3-апта «Мен жасай аламын»	Дене шынықтыру-3 (негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді алаңқайда» Мақсаты: Тілдік қарым қатынас мәдениетін дұрыс қолдана білу. Орыс тілі (МЖБ)	Математика негіздері Тақырыбы: «Биік – аласа ағаштар» Мақсаты: Ұзындығы, биіктігі бойынша бірдей заттарды салыстыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы «Құлпынай» Мақсаты: Жемістерді дәмі бойынша атап, ажыратуға үйрету. Құрастыру. Тақырыбы: «Қақпа» Мақсаты: Құрылыс материалдарынмен ойнау арқылы қақпа құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Көбелектер» Мақсаты: Күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыруды үйрету. Музыка-1,5 (МЖБ)	

4-апта «Көңілді жаз»	Дене шынықтыру-3 (Негізгі қимылдар) (МЖБ)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ауылда» (Сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылық таныта білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Жаз»өлеңі Ә.Дүйсенбеев Мақсаты: Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Егістікке барамыз» Мақсаты: Кеңістікті және уақытты бағдарлай білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Алақай, жаз келді!» Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтай ала білуге үйрету.	Сурет салу: Тақырыбы: « Жаз мезгілі» Мақсаты: Өз бетінше ойлауы бойынша сурет сала білуге үйрету. (Құммен, таяқшамен, бормен) Музыка-1 (МЖБ) Мүсіндеу Тақырыбы: «Құмға арналған қалақ» Мақсаты: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Жаз мезгілінің кейбір сипаттық ерекшеліктері жайлы білімін жетілдіру.
---	---	---	---	--	--